

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Қуралай» балабақшасы

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05 -31.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Уалиева Дария

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	Ойыншықтарды жинау. Мақсаты: тәртіп орнатуға үйрету, тапсырылған іс үшін жауапкершілікті қалыптастыруға	Оқу бұрышындағы кітаптарды ретпен орнына қою. Мақсаты: ұқыптылыққа үйрету, кітаптарға таза, ұқыпты қарауға

және басқалар)	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ суретімен танысу". Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысы кемпірқосақ бейнесімен таныстыру, кемпірқосақ жөніндегі ұғымдар аясын кеңейту, қоршаған объектілердің түстері туралы білімдерді пысықтау.</p>	<p>Санамақтар айтқызу. Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік. Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Үздіксіз ізде" (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. (математика негіздері)</p>	<p>тәрбиелеу. Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсаты: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге дағдыландыру. "Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсаты: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет</p>	<p>дағдыландыру. Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем". Мақсаты: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме.</p>
----------------	--	--	--	---	---

				<p>шапалақтағанда жүруін жалғастырады.</p>	<p>(Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) "Қарама-қайшылық" жаттығуы. Мақсаты: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын</p>
--	--	--	--	--	--

					осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)				
	<p>Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында, шынтактары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру қимылдарын орындайды. Қолдарын кезек-кезек айналдырады.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген.</p> <p>Отырып, қолдарынмен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдары артқа жіберілген.</p> <p>Еңкейіп аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу.</p> <p>Оң аяқты көтеру, түсіру. Сол аяқты көтеру, түсіру.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарды қосу, қолдарын беліне қою. Өзінің айналасында екі аяқпен секіру.</p>				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар				

	<p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа</p>	<p>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады:</p>	<p>"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып, көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала</p>	<p>"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.</p>

	<p>тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, оқу қызметі және т.б.. Балалар кез-келген суретті өздері тандайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін басқа тәулік бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді. (мате</p>	<p>шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады.</p>	
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Жадырайды жанымыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір аяқтан бір аяққа секіру, тура</p>	<p>Дене шынықтыру "Шомыламыз мәз болып". Мақсат-міндеттер. Балаларда тақтай бойымен жүру</p>	<p>Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш,</p>	<p>Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш,</p>	<p>Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш,</p>

	секіру; қимылды ойындар арқылы үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.	кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы екі аяқпен секіру (аяқтар алшақ); доғаның астымен өрмелеу (еңбектеу) дағдыларын дамыту.	логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.	Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-	Күмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе	Күнді бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.	Көбелекті бақылауды жалғастыру. Мақсаты: көбелектің қимылын, тіршілігі бақылауға дағдыландыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Көбелек-ау, көбелек, Әдемісің, гүлдейсің. Ұстап сені не керек, Ойнамайсың күлмейсің. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс

	<p>- Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>қонып, гүлдердің нәрімен коректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек</p>	<p>"дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса Болады құм бауырсақтай. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге</p>	<p>ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. Мақсаты: тазалыққа</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын</p>	<p>"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>- Босқа біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ. Оң жаққа қолды сермеп, Сол жаққа қолды сермеп. Аяқты көтеріміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова</p> <p>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:</p>	<p>дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>
--	---	---	---	---	--

		<p>шашып, жайып қою мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.</p>		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың				

	<p>беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"</p> <p>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу</p> <p>"Күлімдеген балалар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды асфальтта түсті боршалармен адам бетінің</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</p> <p>"Балабақшаның қызықтары".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың белгілі бір кеңістікте</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p> <p>"Жаз кереметтері".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жазғы табиғат құбылыстарын</p>	<p>"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды</p>	<p>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.</p> <p>Құрал-жабдықтар:</p>

<p>басқалар)</p>	<p>сұлбасын салуға үйрету; дөңгелек көздер мен доғалы ауызды нақтылы салып, адамның жақсы көңіл-күйде болғанын жеткізуге жаттықтыру.</p>	<p>орналасқан заттарды көріп, орнын тауып, атау қабілетін қалыптастыру; ұзындығы, ені әртүрлі және бірдей заттарды тұстастырып, беттестіріп, өздігінен салыстыру дағдыларын жетілдіру; ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p>көзбен қабылдауда танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдылары мен қиялын, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.</p>	<p>дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсындар деп. Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. Үстел театры</p>	<p>балалар жиһазының заттары. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып</p>
-------------------------	--	---	--	--	---

				<p>"Шұбар тауық" ертегісі. Мақсаты: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің қылықтарын бақылауға, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыруға үйрету</p>	<p>береді. "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир,</p>
--	--	--	--	---	---

					<p>қалғандары тұтынушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш.</p>
--	--	--	--	--	---

					Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.
Балалармен жеке жұмыс	"Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев) Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық. Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр	"Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы" Мақсаты: негізгі түстер (көк, қызық, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Ұсақ қол моторикасын дамыту.	"Түстер туралы ертегі" оқып беру. Мақсаты: балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу. Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің

			<p>барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>		<p>күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүрген кезде. Тағы бір түс пайда болады. Ол түс Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк</p>
--	--	--	--	--	--

					түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл-сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды				

<p>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Отбасындағы балалардың музыкалық тәрбиесі.</p>	<p>"Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес.</p>	<p>Суреттер көрмесін ұйымдастыру.</p>	<p>Ата-аналармен жазғы кезең туралы әңгімелесу: киімге қойылатын талаптар, жазғы кезеңдегі күн тәртібі және т. б.</p>	<p>Ата-аналармен балалардың жазғы сауықтыру кезеңінде белсенді демалуы туралы әңгіме.</p>

Тексерген

A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'Жай' (Jai).

Конопьянова А.К.